

"1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің (объектілері мен ұрыс алаңдары Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан) 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығын пайдалану тәртібі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 2 желтоқсандағы № 965 қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
«1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің (объектілері мен ұрыс алаңдары Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан) 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығын пайдалану тәртібі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің карауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі К. Мәсімов

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ 1995 жылғы 20 қаңтардағы
Қазақстан Республикасы мен Ресей
Федерациясы арасындағы Ресей Федерациясы Қорғаныс
министрлігінің (объектілері мен ұрыс алаңдары Қазақстан
Республикасының аумағында орналасқан) 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ
орталығын пайдалану тәртібі туралы келісімге өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы**

2015 жылғы 16 сәуірде Мәскеуде жасалған 1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің (объектілері мен ұрыс алаңдары Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан) 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығын пайдалану тәртібі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің (объектілері мен ұрыс алаңдары Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан) 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығын пайдалану тәртібі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы 1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің (объектілері мен ұрыс алаңдары Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан) 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығын пайдалану тәртібі туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) 23-бабын б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п , төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Келісімнің 1-бабы мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:
«Ғылыми-зерттеу және сынақ жұмыстарының жылдық жоспарына сәйкес өткізілетін сынақтарды орындау кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Полигон қолбасшылығы Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарын хабардар өткеннен кейін № 1 қосымшаға сәйкес № 1 учаскенің 3-7 координаттық нүктелерінің ішінде орналасқан Кіші Богдо тауының ауданындағы жер учаскесі п а й д а л а н ы л а д ы .

Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары Полигон қолбасшылығымен бірлесіп, Кіші Богдо тауы ауданындағы халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды өткізеді.».

2. Келісімнің 9-бабының 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Полигон қолбасшылығы Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, маусымдық ауыл шаруашылығы және геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу кезінде Қазақстан Тарапының Полигон аумағының учаскелерін пайдалану тәртібін айқындайды және дүлей зілзалаларды жою кезінде көмек көрсетеді.»

3. Келісімге № 1 қосымша мынадай редакцияда жазылсын:
«1995 жылғы 20 қаңтардағы
Қазақстан Республикасы мен Ресей
Федерациясы арасындағы Ресей
Федерациясы Қорғаныс министрлігінің

(объектілері мен ұрыс алаңдары Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан) 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығын пайдалану тәртібі туралы келісімге № 1 ҚОСЫМША

Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің (объектілері мен ұрыс алаңдары Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан) 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығының жер учаскелерінің шекараларын айқындайтын координаттық нүктелердің ТІЗБЕСІ

Нүкте нөмірі	Географиялық координаттар		
	сол түстік (град., мин., сек.)	ендік	шығыс (град., мин., сек.)
Координаттары бар нүктелері арқылы өтетін сызықпен шектелген № 1 учаске:			
1	48 20 00		4649 00
2	48 28 00		4649 00
3	48 28 00		47 00 00
4	48 27 21		4702 45
5	48 27 33		4705 24
6	48 28 16		470529
7	48 29 00		4700 00
8	48 30 00		4655 00
9	48 37 00		4655 00
10	48 37 00		4710 00
11	48 44 00		47 10 00
12	48 44 00		47 13 00
13	48 46 00		4716 00
14	48 46 00		4725 00
15	48 44 00		472500
16	48 44 00		4727 00
17	48 45 00		4728 00
18	48 44 00		4748 00
19	48 40 00		4748 00
20	48 40 00		4733 00
21	4832 00		4733 00
22	4832 00		4748 00
23	48 36 00		474800
24	48 36 00		480300

25	4843 00	480300
26	48 37 00	4852 00
27	4838 00	48 53 00
28	48 3700	4907 00
29	4830 00	4905 00
30	4819 00	5015 00
31	4817 00.	5014 00
32	4805 00	4958 00
33	4805 00	4947 00
34	4804 00	4944 00
35	48 03 00	4925 00
36	4757 00	4925 00
37	4800 00	4912 00
38	4805 00	4853 00
39	4807 00	4827 00
40	4810 00	4802 00
41	4811 00	4800 00
42	48 12 00	4749 00
43	48 13 00	47 35 00
44	48 14 00	47 28 00
45	48 15 00	47 12 00
46	4820 00	4649 00
Координаттары бар нүктелері арқылы өтетін сызықпен шектелген № 2 учаске:		
1	4805 06	53 02 00
2	4818 35	53 02 32
3	48 17 45	53 42 56
4	4804 17	5342 14
5	4805 06	53 02 00
Координаттары бар нүктелері арқылы өтетін сызықпен шектелген № 3 учаске:		
1	47 13 15	515558
2	47 13 23	5155 57
3	47 13 23	515621
4	4713 14	5156 22
5	4713 15	5155 58».

2-бап

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар өзара консультациялар және келіссөздер

арқылы

шешеді.

Тараптардың бірінде бірлесіп шешуді талап ететін мәселелер туындаған кезде көрсетілген Тарап келіссөздер басталғанға дейін 30 күннен кешіктірмей бұл туралы басқа Тарапты жазбаша хабардар етеді.

Осы Хаттама оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттама Келісімнің қолданысының тоқтатылуымен бір мезгілде өз қолданысын тоқтатады.

2015 жылғы 16 сәуірде Мәскеу қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі екі мәтіннің күші бірдей.

Қазақстан Республикасы
үшін

Ресей Федерациясы

үшін